

mail

---

От: Eurasian Research Institute <director@eurasian-research.org>  
Отправлено: 5 января 2017 г. 18:15  
Кому: info@eurasian-research.org  
Тема: ERI E-Бюллетень 96  
Вложения: Апталық\_е-бюллетень\_27.12.2016-02.01.2017\_No 96.pdf

## Құрметті оқырман қауым!

Еуразия ғылыми-зерттеу институтының дайындаған бюллетендері арқылы, әр апта Еуразия аймағындағы маңызды оқиғаларды сараптауды және өзекті жаңалықтарды сіздермен бөлісуді жөн деп санаймыз.


Ахмет Ясауи университетіне қарасты ғылыми-зерттеу институтымыз 2014 жылдың тамыз айының 1-ші жұлдызында құрылды. Мақсатымыз – Еуразия аймағында, әсіресе, осы аймақта тұрып жатқан түркі тілдес мемлекеттерге байланысты экономика, қаржы, энергия, халықаралық қатынастар, қауіпсіздік сияқты т.б. салаларда пәнаралық арнайы ғылыми зерттеулер жүргізу, сонымен қатар аталмыш салаларға байланысты жобаларды жоспарлау және қолдау көрсету.

Институт сарапшыларының және басқа да талдаушылардың ой-пікірлері ескеріліп дайындалатын бюллетендер, электрондық почта арқылы аймақтық және Түркия ғалымдары мен саясаттанушыларына, бюрократтары мен саясатшыларына жіберілуде. Қосымшада **"ТРАНСКАСПИЙ ҚҰБЫР ЖЕЛІЛЕРІ: МӘСЕЛелЕРІ МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ"** Сараптамаларыңыз бен ұсыныстарыңызды [info@eurasian-research.org](mailto:info@eurasian-research.org) электронды адресіне қалдыруларыңызды сұраймыз.

Құрметпен,

Еуразия ғылыми-зерттеу институтының  
директоры, э.ғ.д, доцент Невзат Шимшек

--  
Nevzat SIMSEK, PhD  
Institute Director  
EURASIAN RESEARCH INSTITUTE  
Mametova 48, Almali, 050004, Almaty/KAZAKHSTAN  
Office : +7 727 279 97 94  
Fax : +7 727 279 24 26  
Mobile : +7 701 223 93 89  
<http://ayu.edu.tr>; <http://eurasian-research.org>  
[nevzatsimsek53@gmail.com](mailto:nevzatsimsek53@gmail.com) ; [nevzat.simsek@deu.edu.tr](mailto:nevzat.simsek@deu.edu.tr)  
[nevzat.simsek@eurasian-research.org](mailto:nevzat.simsek@eurasian-research.org)



**a**Weekly  
analysis

## ТРАНСКАСПИЙ ҚҰБЫР ЖЕЛІЛЕРІ: МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Ресей мен Еуропалық одақ (ЕО) энергетикалық қарым-қатынастарында соңғы кезде барған сайын артып бара жатқан мәселелер халықаралық қауымдастықтың назарын Каспий аймағына аударды. Аймақтың көмірсутегі ресурстарына бай елдері, атап айтқанда, Әзірбайжан, Қазақстан және Түркіменстан ЕО тарапынан болашақта Еуропаға энергия жеткізілімін кепілдікке алатын басты энергетикалық серіктестер ретінде қарастырылады. Сондықтан Баку, Астана және Ашхабад ЕО-ның мұнай-газ жеткізілімін әртарапандыру стратегиясында айрықша орынға ие.

Ресей мен Батыс елдері арасында соңғы кезде орын алған геосаяси мәселе Каспий құбырларына, әсіресе, түркімен газын Каспий теңізінің шығыс жағалауынан суасты құбыр арқылы Әзірбайжанның Каспий жағалауына және Түркия арқылы Еуропаға тасымалдауға бағытталған Транскаспий газ құбырына (ТТҚ) деген қызығушылықты жандандырды. ТТҚ жобасын іске асыру үшін алғашқы әрекеттің бірінші рет 1996 жылы жасалғаны және жобаның АҚШ тарапынан белсенді түрде лоббилendirгенін атап өткен жөн. 2,4-3 млрд. доллардан асатын жобаның ұзындығы 300 шақырым болады және бұл жоба бастапқыда Түркия нарығы үшін жыл сайын 16 млрд. текше метр газ, ал еуропалық тұтынушылар үшін 14 млрд. текше метр газ қамтамасыз ететіндей болып әзірленді. 1999 жылы Түркіменстан үкіметі «Энрон» және «Унокал» америкалық энергетикалық компаниялары тарапынан жүргізілген және АҚШ үкіметі тарапынан қаржыландырылған аядан ала техникалық-экономикалық зерттеулерді бекітті. Сонымен қатар, Түркіменстан, Грузия, Түркия және Әзірбайжан арасында құбыр желісін салу мәселесі бойынша келісімге келгеннен кейін дәл сол жылы «Бектал» мен «Дженерал электрик» және «Шелл» тарапынан ТТҚ-ның құрылысына бағытталған «ИнЭсДжи» консорциумы құрылды. Алайда, бүкіл әрекеттерге қарамастан, әсіресе Ашхабад пен Баку арасындағы даулы теңіз мұнай кен орындарына қатысты келіспеушілікке байланысты жоба кейінге қалдырылды, содан кейін оны жүзеге асырудан бас тартылды. Сонымен қатар, 1999 жылы Каспий теңізінің Әзірбайжан секторында орналасқан Шах-Дениз газ кен орнының ашылуы да ТТҚ-ның болашағын айтарлықтай әлсіретті. Шах-Дениз газ кен орнының игерілуі батыс серіктестеріне Каспий жағалауындағы елдердің теңіз шекараларын анықтау үдерісіне қатыспай-ақ «Оңтүстік газ дәлізі» деп аталатын құбыр арқылы Еуропаға табиғи газдың елеулі көлемін жіберуге мүмкіндік берді. Шын мәнінде, Әзірбайжанда өндірілген Каспий газы бірінші рет 20-06 жылы «Баку-Тбилиси-Эрзурум» газ құбырына айдалды және 2007 жылы тасымалданған газ көлемі 1,8 млрд. текше метрге жетті.

Қазақстанның да экспорт мүмкіндігін қамтамасыз ететін Транскаспий құбырлары үшін елеулі ресурстарға бай ел ретінде қарастырылатынын мойындау керек. Мысалы, 1998 жылдың желтоқсан айында «Роял Датч Шелл», «Шеврон» және «ЭксонМобил» компаниялары Ақтау-Баку бағытында Каспий теңізі бойынша қос мұнай-газ құбыр желілері үшін техникалық-экономикалық зерттеулер жүргізу туралы Қазақстанмен келісімге қол қойды. Алайда, 1999 жылдың мамыр айында Каспий Құбыр Консорциумы (ККК) мүше-

лері жобаны іске асыруға қатысты қиындықтарды жеңе отырып, құбыр желісінің құрылысын ресми түрде басталды. Бұл қадамның арқасында Қазақстанға Транскаспий жобасына қатысу жөнінде одан әрі келіссөздер жасау қажет болмайтын болды. 2001 жылы Қазақстан Теңіз мұнайын ККК құбыр желісі арқылы тасымалдай бастады және 2004 жылы жобаның жылдық жобалық қуаты 28,2 млн. тонна мұнайды құрады. Қазіргі таңда тараптар мұнай құбырының өткізу қабілетін жылына 67 млн. тоннаға дейін арттыру бойынша жұмыстар жүргізуде.

«Оңтүстік газ дәлізінің» бір бөлігі ретінде бастапқы қуаттылығы 8 млрд. текше метр болып салынған «Баку-Тбилиси-Эрзурум» газ құбыры жыл сайын орта есеппен 4 млрд. текше метр Әзірбайжан газын қамтамасыз етуде. Экспортталатын газдың салыстырмалы түрде шағын көлемі еуропалық нарықтың өсіп келе жатқан қажеттіліктерін қанағаттандыруға жеткілікті болмағандықтан, 2002 жылы ЕО «Транс-Еуропа энергетикалық желілері» бастамасы шеңберінде «Набукко» газ құбырының құрылысын бастады. Бұл құбыр желісі бастапқыда жылына 8-13 млрд. текше метр, ал одан кейінгі жылдары жылына 31 млрд. текше метр газ жеткізетіндей етіп жобаланған болатын. Алайда, тіпті Шах Дениз II газ кен орны ашылғаннан кейін де Әзірбайжан Еуропаға газ экспорттын жылына тек 16 млрд. текше метрге ғана арттыра алды. Сондықтан, «Набукко» тек Транскаспий жобасымен бірге коммерциялық тұрғыда тиімді бола алады.

Расында да, 2000 жылдардың басында Қазақстанға Теңіз мұнай кен орнынан Түркіменбашы теңіз портына дейін ұзындығы 600 шақырым құрлықтағы құбыр желісін салу арқылы ТТҚ жобасына қосылу ұсынысы келіп түсті. Алайда, Қазақстанның Каспий теңізіндегі Қашаған кен орнында мұнай-газ өндірісіндегі кідірістер Қазақстанның ТТҚ-ға қосылу ықтималдығын қарастыру мүмкіндігін жойды.

Демек, ЕО Еуропалық Комиссияға Транскаспий құбыр желісінің құрылысы жөнінде Әзірбайжанмен және Түркіменстанмен келіссөздер жүргізу міндетін беруді қабылдағаннан кейін 2011 жылдың қыркүйек айында ТТҚ жобасы қайта жанданды. Шын мәнінде бұл шешім ЕО мүшелерінің біріккен сыртқы энергетикалық стратегиясы аясында қабылдаған алғашқы әрекет шешімі болды. Сонымен қатар, ТТҚ 2013 жылдың қазан айында Еуропалық комиссияның таңдалған энергетикалық инфрақұрылымдық жобалар тізімі – Ортақ мүдде жобасында (ОМЖ) орын алып, ТТҚ-ға ЕО бюджетінен қаржылық қолдау алу құқығы берілді. Сондықтан Транскаспий жобасының «Оңтүстік газ дәлізі» іске асырудағы рөлін айтарлықтай дәрежеде артқанын өңге келуге болады. Алайда 2010 ж. басында тараптар арасындағы көпжақты консультациялардың болғанына қарамастан, Түркіменстан, Әзірбайжан және Еуропалық комиссия тараптар арасында құқықтық міндеттемелерді көрсететін Транскаспий құбыр желісі туралы келісімге қол қоя алмады.

Келісімге қол қоюдағы сәтсіздік «Набукко» жобасына да әсер етті. Түркіменстаннан экспортталатын газ көлеміндегі белгісіздік және жобаның шамадан тыс құны 2012 жылы «Набукко» құбы-

рының өткізу қабілеті мен жалпы ұзындығының екі есе азаюына және «Набукко-Батыс» жобасына айналуына себеп болды. 2013 жылы «Набукко-Батыс» құбыр жобасынан ресми түрде бас тартылды. «Оңтүстік газ дәлізі» үшін соңғы таңдау «Транс-Анадолы табиғи газ құбыр желісі» (ТАНАР) және «Транс-Адриатика құбыр желісі» (ТААР) сияқты өткізу қабілеті аздау, бірақ экономикалық жағынан тиімдірек жобалар болып табылады. Сондықтан, 2019 жылға қарай «Баку-Тбилиси-Эрзурум» құбырын кеңейтіп, ТАНАР және ТААР құбыр желілерін салу арқылы Каспий-Еуропа энергетикалық бағыты қолжетімді болады. 2015 жылы Түркіменстанның елдің шығысындағы ең ірі газ кен орындарында өндірілген табиғи газды Каспий теңізінің түркімен жағалауына тасымалдауға мүмкіндік беретін «Шығыс-Батыс» құбыр желісін пайдалануға бергенін ескере отырып, ЕО-ның Түркіменстанды негізге алған Каспий газ бағытын дамытуды жалғастыруы әбден күтілетін жайт.

Алайда, Каспий теңізіндегі құқықтық режимнің белгісіздігі және Ресей мен Иранның Транскаспий жобасы Еуропа энергетикалық нарығында позицияларын әлсіретуі мүмкін деген қауіппен бұл бастамалардан бас тарту ТТҚ-ны жүзеге асырудағы басты кедергілердің бірі болып табылады. Сонымен қатар, Каспий теңіз шекараларына қатысты шешілмеген құқықтық дауға қоса, ТТҚ арқылы тасымалданған газдың көлемі де әлі жеткіліксіз. 2016 жылдың 1 қантарынан бастап Ашхабад Ресей мен Түркіменстан арасындағы газ алым-сатым келісімін тоқтатуға әкелген келіспеушілікке байланысты Қытаймен ынтымақтастықты нығайтуға мәжбүр болды. Осы орайда Түркіменстан Қытаймен газ сатып алу туралы келісімге қол қойды. Бұл келісім «Орталық Азия-Қытай» газ құбыры арқылы 2021 жылға дейін Қытайға жылына 65 млрд. текше метр газ жеткізуді көздейді. Мысалы, 2015 жылы Түркіменстан Қытайға 28 млрд. текше метрден астам газ экспорттады және бұл көрсеткіш 2016 жылы 30 млрд. текше метрге дейін артады деп жоспарланып отыр. Сондықтан Түркіменстанда өндірілген барлық қосымша газдың көлемі Қытайға жіберілетін болады. 2016 жылы елдегі газ өндірісінің былтырғы жылы өндірілген 76,2 млрд. текше метрге қарағанда тек 83,8 млрд. текше метрге дейін ғана артағанын ескере отырып, Ашхабадтың ТТҚ үшін қажетті газ көлемін қамтамасыз ететін қосымша газ өндіру көлемін жылдам арттыру қабілетіне қатысты алаңдаушылықтар бар.

Қорытындылай келе, Транскаспий газ құбырын іске қосу үшін күшті саяси серпінік болғанын мойындау керек. ЕО энергетикалық ресурстарға бай ел – Түркіменстанды және мүмкін Қазақстанды теңіз және құрлықтағы құбырлар арқылы Еуропамен байланыстыру идеясынан бас тартпайтын көрінеді. Түркіменстан да экспортта тек қана Қытайға тәуелді болып қалмау мақсатында экспорт бағыттарын әртарапандыруға мүдделі болып отыр. Алайда, ТТҚ-ны жүзеге асыруға қатысты кейбір кедергілер әлі де бар. Сондықтан, Транскаспий жобасы болашақта да жан-жақты талқыланатын болады.

Жазушы: Лидия Пархомчик,  
Еуразия ғылыми-зерттеу институты, Қазақстан

**Саясат, сыртқы қатынастар және қауіпсіздік**

- Түркіменстан Орталық сайлау комиссиясы 2017 жылы ақпанда өтетін президенттік сайлауда үміткерлер саны ағымдағы Президент Гурбангулы Бердімұхамедовпен қоса алғанда тоғызға жетті деп хабарлады.
- Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев қол қойған жарлыққа сәйкес, Қайрат Әбдірахманов жаңа Сыртқы істер министрі, ал Тимур Сүлейменов жаңа Ұлттық экономика министрі болып тағайындалды.
- Санкт-Петербург қаласында Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы (ҰҚШҰ) және Еуразиялық экономикалық одақ (ЕЭО) саммиттері өтті. Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес отырысында Беларусь есептемегенде ЕЭО елдерінің көшбасшылары Одақтың алғашқы екі жылдағы қызмет нәтижелерін, соның ішінде ЕЭО-ның жаңа Кеден кодексін әзірлеуді талқылады. ҰҚШҰ Ұжымдық қауіпсіздік кеңесі отырысы барысында тараптар лаңкестік және экстремистік қауіп-қатерлерге қарсы іс-қимыл сияқты өзекті мәселелерді талқылады.
- Пәкістанға ресми сапары барысында Өзбекстан премьер-министрінің орынбасары Ұлықбек Розукулов және Пәкістан президенті Мамун Хусейн экстремизм және радикализмге қарсы ынтымақтастық мәселелерін талқылады. Сонымен қатар, тараптар энергетика, экономика және адам ресурстары салаларында екі ел арасындағы ынтымақтастық мәселелерін талқылады.
- Самарқандқа ресми сапары барысында Қырғызстан президенті Алмазбек Атамбаев және өзбек әріптесі Шавкат Мирзиёев екі ел арасында саяси диалогты дамыту және экономикалық қарым-қатынастарды кеңейту мәселелерін талқылады және өзара мүдделерді білдіретін кейбір халықаралық және аймақтық мәселелер бойынша пікір алмасты.
- Душанбеге ресми сапары барысында Өзбекстан премьер-министрінің орынбасары Рустам Азимов және Тәжікстан президенті Эмомали Рахмон экономика, сауда, көлік және байланыс, су, энергетика, мәдениет және шекара мәселелеріне қатысты салаларда екіжақты ынтымақтастықтың қазіргі жағдайы мен дамыту болашағы туралы пікір алмасты.
- Ташкентке ресми сапары барысында Ауғанстан Президентінің экономикалық мәселелер бойынша аға кеңесшісі Хумаюн Каюми, Ауғанстан Президентінің Орталық Азия мемлекеттері және Ресей елімен ынтымақтастықты дамыту жөніндегі арнайы өкілі Мұхаммед Шо-кир Оргар және Өзбекстан Сыртқы істер министрі Абдулазиз Камиллов 2017 жылы орнататын байланыстарды

негізге ала отырып, екіжақты ынтымақтастықты одан әрі дамыту бойынша басымдықтарды талқылады.

- Бакуге ресми сапары барысында Ресей президентінің Көрші елдермен мемлекеттік шекараны делимитациялау және демаркациялау жөніндегі арнайы өкілі Игорь Братчиков және Әзірбайжан Сыртқы істер министрінің орынбасары Халаф Халафов Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы екіжақты консультациялар өткізді. Кездесу барысында тараптар Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы келісімнің шарттарын дамыту үшін Арнайы жұмыс тобы тарапынан тиімді кездесу өткізу мәселесінде бірлескен күш-жігерді жандандыру қажеттігін атап өтті.

**Экономика, қаржы және энергия**

- Әзірбайжан Республикасының Мемлекеттік мұнай компаниясы «SOCAR» 2016 жылы қаңтар-қарашада Әзербайжанның теңізіндегі және құрлықтағы кен орындарында 6,94 млн. тонна мұнай өндіргенін хабарлады. Бұл көрсеткіш 2015 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 7,58 млн. тонна болды.
- Әзірбайжан Мемлекеттік мұнай қоры ӘРММҚ Атқарушы директоры Шахмар Мовсумов 2016 жылы 2,8 млрд доллар болып жобаланған Қордың жалпы түсімі іс жүзінде 5,8 млрд доллар болады деп мәлімдеді. Сондай-ақ, 2016 жылы Қор бюджеті мен мемлекеттік бюджеттің мұнай бағасы бір баррель үшін 25 доллар болады деген болжаммен дайындалғанын, алайда 2016 жылы мұнай баррелінің орташа бағасы 41,7 доллар болғандықтан өсімінің болғанын мәлімдеді.
- Баку қаласында өткен Әзербайжан-Иран бизнес-форумында Әзірбайжан кәсіпкерлері ұйымдарының ұлттық конфедерациясы (ASK) және Иранның Сауда, өнеркәсіп, тау-кен және ауыл шаруашылығы палатасы (ICCPMA) өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, құрылыс, туризм және сауда салаларында өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды. Сондай-ақ, 2016 жылы қаңтар-қарашада екі ел арасындағы сауда айналымы 174,97 млн. долларға жетті деп атап өтілді.
- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің төрағасы Данияр Ақышев банктің өтімділігін арттыру мақсатында Қазкоммерцбанкке 400 млн. теңге көлемінде құтқару пакетінің берілгенін мәлімдеді.
- Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің төрағасы Серж Саргсянның мәліметіне сәйкес, Ресей, Қазақстан, Қырғызстан және Армения президенттері ЕЭО мен Иран, Египет, Үндістан және Сингапур арасында еркін сауда аймағын құру туралы келіссөздерді бастау қажеттігі туралы ұсыныстарды мақұлдады. Президенттердің келіссөз-

дерге қатысатын жұмыс топтарын құруды және келіссөздерге жауапты лауазымды тұлғаларды тағайындауды үкіметтеріне тапсырғандары атап өтілді. Сонымен қатар, Қытаймен сауда-экономикалық қарым-қатынастардың басталғаны, Сербиямен және Израиль елдерімен еркін сауда аймағын құру туралы келіссөздердің жалғасып жатқаны хабарланды.

- Әзірбайжан президенті Ильхам Әлиев 2017 жылы Мемлекеттік бюджет туралы заңды мақұлдады. Заңда 2017 жылы мемлекеттік бюджет кірістері мен шығыстары тиісінше 15,955 млрд. манатқа (9,55 млрд. доллар) және 16,6 млрд. манатқа (10.15 млрд. доллар) жетеді деп болжанып отыр.

**Қоғам және мәдениет**

- Әзірбайжан, Германия, Қазақстан, Ресей, АҚШ және басқа да еуразиялық және еуропалық елдердің басшылары Ыстамбұлдағы «Рейна» түнгі клубында ұйымдастырылған лаңкестік шабуыл құрбандары үшін Түркияға көңіл айту жеделхатын жолдады. Жаңа жыл мерекесі күндері жасалған лаңкестік шабуылда кем дегенде 39 адам қаза тауып, 65 адам жараланды.
- Қазақстандағы АҚШ елшілігі қазақстандық азаматтар үшін ұзақ мерзімді іскерлік және туристік виза енгізу туралы жариялады. 2016 жылғы 29 желтоқсаннан бастап кәсіби қазақстандық талапкерлер он жылдық АҚШ визасын ала алатын болады. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі де іскерлік және туристік мақсатпен Қазақстанға келетін АҚШ азаматтары үшін он жылдық виза мүмкіндігін қамтамасыз етті. Бұған қоса, 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстанға 30 күннен аз мерзімге келетін АҚШ азаматтары үшін виза қажет болмайды.
- Ресейдің «Роскосмос» ғарыш корпорациясының төрағасы корпорацияның кезекті іске қосу бағдарламасы 2017 жылғы қаңтардан бастап «Гвиана» ғарыш орталығы мен Қазақстандағы «Байқоңыр» ғарыш алаңында басталатынын жариялады. «Плесецк» ғарыш алаңы ақпанда пайдалануға беріледі. «Восточный» ғарыш алаңында жалғасып жатқан үлкен құрылыс жұмыстары аяқталатын болады.
- Әзірбайжан Экономика министрі Шахин Мұстафаев елдің 2017 жылы Иран азаматтары үшін визалық режимді жеңілдетуді жоспарлап отырғанын хабарлады. Ирандық азаматтардың Әзірбайжанға кіру үшін визаларын «ASAN» виза жүйесі арқылы алатыны атап өтілді. Осылайша, ирандық азаматтардың үш күн ішінде виза алуға мүмкіндігі болады.